

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



Профессор А.А.Молдажанованы еске алуға арналған «XXI ғасырдағы педагогикалық білім беру: басымдықтар мен ізденістер» тақырыбындағы халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдарының

ЖИНАҒЫ
7 - қазан, 2022 ж.

Астана, 2022

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



Профессор А.А.Молдажанованы еске алуға арналған «XXI ҒАСЫРДАҒЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ: БАСЫМДЫҚТАР МЕН ІЗДЕНІСТЕР» тақырыбындағы Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдарының

ЖИНАҒЫ

7 - қазан, 2022 ж.

СБОРНИК

материалов Международной научно-практической конференции «ПЕДАГОГИЧЕСКОЕ ОБРАЗОВАНИЕ В XXI ВЕКЕ: ПРИОРИТЕТЫ И ПОИСКИ» посвященная памяти профессора А.А.Молдажановой
7-октября, 2022 г.

COLLECTION

Collection materials of the International scientific and practical Conference «PEDAGOGICAL EDUCATION IN THE XXI CENTURY: PRIORITIES AND SEARCHES» dedicated to the memory of professor A.A.Moldazhanova

October -7, 2022 y.

Астана, 2022

ӘӨЖ 37.0
ББК 74.00
П 82

Редакция алқасы:

Ж.Д.Курманғалиева - Басқарма мүшесі - Ғылым, коммерциаландыру және интернационалдандыру жөніндегі проректор, **Б.Ж.Сомжүрек** - «Әлеуметтік ғылымдар» факультетінің деканы, **М.П.Асылбекова** - «Педагогика» кафедрасының меңгерушісі, п.ғ.к., профессор м.а.; **Б.П.Сейітқазы** - п.ғ.д., профессор; **Қ.Т.Атемова** - п.ғ.д., профессор; **Т.С.Сламбекова** - п.ғ.к., профессор м.а.; **С.С.Байсарина** - п.ғ.к., доцент; **Н.П.Албытова** - п.ғ.к., профессор м.а.; **Махадиева А.К** - PhD., **Балтабаева Ж.Б.** - магистр, **Қуатов А.К.** - магистр.

ISBN 978-601-337-713-1

Жинақта Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, «Профессор А.А.Молдажанованы еске алуға арналған «XXI ғасырдағы педагогикалық білім беру: басымдықтар мен ізденістер» тақырыбындағы Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының Пленарлық мәжілісінде және «Профессор А.А.Молдажанова және қазақстандық білім беру жүйесінің дамуы», «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобаны жүзеге асыру - Жаңа Қазақстанды дамытудағы басым бағыт», «Білім берудің ғаламдық мәселелерін шешуде адами ресурстардың бірігуі» деп аталатын секция жұмыстары бойынша тыңдалған баяндамалар қамтылды. -587 бет.

ӘӨЖ 37.0
ББК 74.00
П 82

ISBN 978-601-337-713-1

«Профессор А.А.Молдажанованы еске алуға арналған «XXI ғасырдағы педагогикалық білім беру: басымдықтар мен ізденістер» тақырыбындағы Халықаралық ғылыми-практикалық конференция.

@Астана, 2022

3. Лобанов А.А. Основы профессионально-педагогического общения: учебное пособие для студ. высш. пед. учеб. заведений. – М.: Издат. центр «Академия», 2002. – 192 с.
4. Оспанова Б.А. Педагогические основы формирования креативности будущего специалиста в системе университетского образования: автореф. дис. ... докт. пед. наук. – Туркестан, 2006. – 38 с.
5. Гуревич К.М. Профессиональная пригодность и основные свойства нервной системы. – М.: Наука, 1970. – 272 с. 177 Маслоу А.. Мотивация и личность. – СПб.: Питер, 2003. – 352 с
6. Капустина А.Н. Социально-психологическая диагностика профессиональных качеств личности: автореф. дис. ... канд. психол. наук. – Ленинград, 1985. – 22 с.

ӘӨЖ 78.017

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНІҢ ДАМУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Байсарина С.С.

Педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, РЖҒА профессоры
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Қазақстанның білім беру жүйесі қазіргі заманның талаптарына сай, сонымен қатар білім беру ұйымдарын бітіруші түлектердің функционалдық сауаттылықтарын көтеруге бағытталған білім моделі болып табылады.

Қазіргі білім беру жүйесі рухани дүниесі бай, денсаулығы мықты, азаматтылығы гуманизммен ұштасқан, инновациялық, әлеуметтік-мәдени өзгерістерге қабілетті ХХІ ғасырға лайықты тұлғаның патриоттық сана-сезімін қалыптастыру мен дамытуға жағдайлар жасауды көздейді.

Қазіргі уақытта Қазақстанда білім берудің өзіндік ұлттық үлгісі де қалыптасуда, ендеше бұл процесс білім парадигмасының өзгеруімен қатар жүреді. Жаңа білім парадигмасы бірінші орында жас ұрпақтың білім-білігі мен дағдысын емес, оның тұлғасын білім алу арқылы дамуын қойып отыр. Қазіргі педагогика ғылымының ерекшелігі - жас ұрпақтың тұлғалық дамуына бағытталған жаңа оқыту технологияларын шығаруға ұмтылу болып табылады.

Бүгінгі күні Қазақстан Республикасының жоғары білім беру жүйесінде әр түрлі жоғары оқу орындары жұмыс істейді: ұлттық зерттеу университеті, ұлттық жоғары оқу орны, зерттеу университеті, университет, академия, институт (тек бакалавриат бағдарламаларын жүзеге асырады) және оларға теңестірілгендер (консерватория, жоғары мектеп).

Жалпы, 2010 жылдың наурызында Қазақстан ресми түрде Болон декларациясына қосылып, Еуропалық білім беру кеңістігінің 47-ші мүшесі және Еуропалық білім беру кеңістігінің толық мүшесі болып танылған бірінші Орта Азия мемлекеті болды.

Болон декларациясына қол қойылуына байланысты, 2011 жылы Қазақстанның барлық жоғары оқу орындарында, студенттер мен оқытушылар

мобильділігін, білім сапасын жақсарту мақсатында, ECTS (European Credit Transfer and Accumulation System) негізделген оқытудың кредиттік технологиясы енгізілді.

Бір қазақстандық академиялық кредиттің еңбек сыйымдылығы (30 академиялық сағат) 1 ECTS кредитіне сәйкес келеді (25-30 академиялық сағат). ECTS жүйесі бойынша кредиттерді қайта есептеу коэффициенттері білім деңгейіне және оқу түріне (теориялық, зертханалық, студиялық және т.б.) байланысты өзгереді.

Сондықтан, профессор-оқытушылар құрамының жүктемесін жоспарлау академиялық сағаттармен және кредиттермен жүргізіледі. Болон декларациясына сәйкес сынақ бірліктері немесе кредиттер жүйесін енгізу білім беру бағдарламаларын тануды қамтамасыз етеді.

Оқытудың кредиттік технологиясын енгізу ұлттық білім беру бағдарламаларын халықаралық деңгейде тануға, студенттер мен оқытушылардың ұтқырлығын қамтамасыз етуге, сондай-ақ білім беру сапасын арттыруға және жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің барлық деңгейлері мен сатыларының сабақтастығын қамтамасыз етуге елеулі үлес болып табылады.

Демек, еліміздің барлық жоғары оқу орындары ECTS типі бойынша әзірленген кредиттерді қайта есептеудің қазақстандық моделін пайдаланады.

ECTS (European Credit Transfer and Accumulation System/Еуропалық сынақ бірліктерін аудару жүйесі) - білім беру бағдарламасын немесе жеке курсты меңгеру кезінде студенттің оқу жүктемесін өлшеудің әмбебап жүйесі болып табылады.

Жоғарыда қарастырылғандай, оқу процесінде заманауи педагогикалық технологияны білім беру жүйесіне ендіру келесі мәселелерді шешуге ықпал етеді:

- оқытудың әдістемелік жүйесін жетілдіреді;
- білім беруді гуманизациялау және демократизациялау;
- белсенділіктің, біліктіліктің жоғарғы деңгейін қалыптастырады;
- оқу үрдісін басқарудың тиімділігін арттырады;
- білім сапасын көтеруге, әр пән бойынша мемлекеттік стандарт деңгейінде жоғары үлгерімді қамтамасыз етуге көмектеседі.

Қазіргі кезде технологиялардың қарқынды дамуы, әр түрлі салаға инновациялардың енгізілуі, жаппай цифрландыру, жаңа технологиялық тәртіпке көшу білім жүйесін дамыту барысында жан-жақты ескерілуі тиіс. Елімізді жаңғырту жолындағы міндеттерді орындауға барынша қабілетті мамандарды дайындап шығару үшін Қазақстанның білім беру жүйесі қазіргі заманның талаптарына толығымен сай болуы керек.

Қазақстан жоғары білімнің стратегиялық міндеттері ұлттық білім беру жүйесіндегі жетістіктерді сақтай отырып, оны әлемдік білім беру үрдісінің ең озық үлгілеріне сәйкестендіруге негізделеді. Тәуелсіз мемлекетіміздің білім беру жүйесі мынадай екі түрлі маңызды процесті жүзеге асыруға бағытталған:

- ұлттық білім беруді жаңа арнаға салу;

- әлемдік білім кеңістігімен ықпалдасу.

Білім беру саласында қалыптасқан жағдай елімізді дамытудың қазіргі әлеуметтік-экономикалық және саяси жағдайларына және жоғары дамыған елдердің прогресшіл тәжірибесіне сәйкес келеңсіз құбылыстарды болдырмау, түбегейлі ұйымдық, құрылымдық қайта құрулар, білім берудің мазмұнын жанарту және мамандар даярлаудың сапасын жетілдіру қажет екенін көрсетеді.

Білім беру жүйесіндегі басты міндет жеке тұлғаның барлық деңгейлер мен сатыларда сапалы білім алуына қол жетімдігін кеңейтумен айқындалды. Білім беру жүйесіндегі басты міндет пен мақсат үздіксіз білім беру принципін енгізу болып табылады.

Сапа мынадай аспектіде қарастырылады: қазіргі кезде білім беру деңгейлерінің әрқайсысы өздері үшін тіршілік етіп жатқандай. Келесі онжылдықтың мақсаты, бір жағынан, адамның ілгері дамуын қамтамасыз ететін бірінші ұлттық білім беру жүйесін құру, екінші жағынан, білім берудің ұлттық жүйесінің жалпыәлемдік жүйемен интеграциялануын қамтамасыз ету болып табылады. Болашақта білім беру жүйесін адамды біліммен ғана қамтамасыз етіп қоймай, сонымен бірге осы білімді білікті пайдалана білу және үздіксіз оқу дағдыларына баулу жүйесі етіп қайта құру күтіп тұр.

Жоғары кәсіби білім берудің бәсекеге қабілеттілігін және оны интернационализациялауды арттыру үшін білім беру қызметтерінің сапасын кезең-кезеңімен арттыру, «еңбек нарығының талаптарына сәйкестігі» және «жоғары оқу орны мен мамандық мәртебесіне байланысты гранттың құнын сараландыру» қағидаттары негізінде мемлекеттік білім беру тапсырысын қалыптастыру, мемлекеттік-жекеше білім беруге кредит беру жүйесін одан әрі жетілдіру, жетекші шетелдік оқу орындарымен әріптестікті дамыту, сапалы білім беруді дамыту жөніндегі күш жігерді шоғырландыра отырып, жоғары оқу орындарының желісін оңтайландыру жөніндегі шараларды жүзеге асыру қажет.

Әдебиеттер:

1. Дамитов Б.К. Жоғары білім бойынша заңды және нормативті құжаттар жинағы. ҚР Білім және Ғылым Министрлігі.-А:Атамұра. -2016. -132б.
2. Анабек К. Некоторые проблемы развития науки и качества образования в Казахстане // Высшая школа Казахстана. -Алматы, 2003.
3. Әбдіманапов С.К. Білімді ел - бәсекеге қабілетті ел//Егемен Қазақстан 2005.
4. Әбдіманапов С.К. Кредиттік оқыту жүйесі//Егемен Қазақстан. -2004.
5. Алиева Н., Ә.Құрманбекова. Білім берудегі кредиттік технология жүйесі бойынша оқытудың маңызы. Білім//Образование 2010 -№2 44б.
6. Исаева З.А., Мынбаева А.К., Садуақасова З.М. Активные методы и формы обучения в высшей школе. -Алматы: Қазақ университеті. -2015. -83б.